# Электрондық мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 236 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2011 жылғы 15 тамызда № 7128 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 29 қарашадағы № 389 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 29.11.2012 № 389 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 қаулысының 2-тармағын іске асыру мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Некеге тұруды тіркеу туралы өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына "Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес "Жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамалар беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы М.И.Сексембаевқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрі Р. Түсіпбеков*

*"Келісілді"*
*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрі*
*________А. Жұмағалиев*
*2011 жылғы 11 шілде*

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2011 жылғы 27 маусымдағы
№ 236 бұйрығына 1-қосымша

## "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызметтер) мекенжайлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2121 қаулысымен бекітілген " Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру туралы" мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1 қосымшасында көрсетілген Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) "Азаматтық хал актілері жазбасы" ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, "электрондық үкімет" порталы арқылы көрсетеді.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Стандарттың негізінде жүзеге асырылады.

3. Электрондық мемлекеттік қызметтің автоматтандыру дәрежесі: жартылай автоматтандырылған (өтініш беру үдерісі автоматтандырылған).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқарған сөздер:

1) "Азаматтық хал актілерінің жазбасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) – азаматтық хал актілерін тіркеу үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (бұдан әрі – АҚҚҚ) – оның мағынасын жасыру не/немесе түпнұсқаландыруды қамтамасыз ету ( түпнұсқаландыру деп ақпараттың түпнұсқа екенін анықтау түсініледі және алынған ақпарат бұрмаланбай берілді дегенді білдіреді) мақсатында ақпаратты қайта құрудың алгоритмдері мен әдістері;

3) жеке сәйкестендіру нөмір (бұдан әрі - ЖСН) – жеке тұлға, соның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4) құрылымдық функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі;

5) тұтынушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

6) транзакциялық қызмет – пайдаланушыларға электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

7) уәкілетті орган – аумақтық әділет органы;

8) Ұлттық куәландырушы орталық ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҰКО АЖ) – қызметті тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігінің деректерін сәйкестендіру үшін пайдаланатын жүйе;

9) "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

10) "электронды үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) – барлық электрондық қызметтер мен "электрондық үкіметтің" электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай орнын ұсынады;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

12) электрондық құжат – ақпарат электронды цифрлы нысанда берілген және электрондық цифрлық құжат арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электронды нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер.

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Қызмет берушінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі адымдық әрекеттері мен шешімдері (функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы) осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

1) тұтынушы ЖСН көмегімен "ЭҮП" АЖ-ға тіркеуі жүзеге асырады ("ЭҮП" АЖ-да тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – тұтынушы туралы деректердің "ЭҮП" АЖ (пароль ЭҮП-де, ЖСН - "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында тексеріледі), түпнұсқалылығын тексеру үдерісі, "ЭҮП" АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу;

3) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, тұтынушының нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу);

5) 4-үдеріс – сәйкестендіру деректерін және "ҰКО" АЖ-да тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі туралы деректерге сұрау салу;

6) 1-шарт – тұтынушының АКҚҚ-сын пайдаланумен тіркеу куәлігінің мерзімін және тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығын тексеру;

7) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – электрондық мемлекеттік нысанды көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) тұтынушының ЭЦҚ арқылы қол қою және тұтынушының одан әрі әрекеттері туралы ақпаратты алу;

9) 7-үдеріс – АХАЖ АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу.

Туу туралы қайталама куәлікке өтініш беру жағдайында тұтынушы туған күні және жері туралы мәліметті және ата-анасы туралы мәліметті көрсетеді.

Некеге тұру туралы қайталама куәлікке өтініш беру жағдайында тұтынушы жұбайы (зайыбы) туралы, некеге тұрған жері мен күні туралы мәліметтерді көрсетеді.

Некені бұзғаны туралы қайталама куәлікке өтініш беру жағдайында тұтынушы жұбайы (зайыбы) туралы, некеге тұрған жері мен күні туралы мәліметтерді көрсетеді.

Тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру жағдайында тұтынушы ауыстырғанға дейінгі тегін көрсетеді;

10) 2-шарт – АХАЖ АЖ-нен түскен деректерді тексеру;

11) 8-үдеріс – "ЭҮП" АЖ тұтынушыға 24 сағат ішінде бір айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде мемлекетті баж төлеуді ұсынады;

Көрсетілген мерзімде төлемеген кезде тұтынушыға сұрау салу мерзімінің өтіп кеткені туралы, сондай-ақ қайтадан сұрау салу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді.

Тұтынушы банкке жіберу үшін төлемнің қажетті деректерін толтырады. "ЭҮП" АЖ төлем өткен соң тұтынушыға чек беріледі, ол төлемді жүзеге асырғанын растайды.

Егер төлем өтпеген болса, онда "ЭҮП" АЖ ол туралы тұтынушыға қате жіберілгені туралы толық сипаттамасымен хабардар етеді;

12) 9-үдеріс – сұратылған деректердің "ЭҮП" АЖ-де болмауына байланысты, сұратылып отырған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 10 үдеріс – қызмет көрсетудің нәтижесі уәкілетті органның өтінішті өңдеуге қабылдағаны туралы хабарлама қалыптастыруы және тұтынушыға қағаз түрінде өтініш берген жері бойынша көрсетіледі.

7. Осы Регламентке 2-қосымшада тұтынушыға мемлекеттік немесе орыс тілінде көрсетілетін электрондық мемлекеттік қызметке экрандық нысандар келтірілген.

сұрау салуды толтыру – ЖСН тұтынушының "ЭҮП" АЖ-ға тіркелу нәтижесі бойынша автоматты түрде таңдалады;

сұрау салуға қол қою – тұтынушы "қол қою" кнопкасының көмегімен ЭЦҚ сұрау салуға қол қоюды жүзеге асырып, одан кейін сұрау салу "АХАЖ АЖ" өңдеуге жіберіледі;

сұрау салуды өңдеу – сұрау салуды өңдегеннен кейін тұтынушы дисплейдің экранына: ЖСН, сұрау салудың нөмірі, қызмет түрі, сұрау салу мәртебесі, қызмет көрсету мерзімі туралы ақпарат енгізіледі.

"мәртебені жаңарту" кнопкасының көмегімен тұтынушыға сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарау мүмкіндігі беріледі.

8. Сұрау салуды өңдегеннен кейін тұтынушыға мынадай амалдармен сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарауға мүмкіндік беріледі:

"ашу" кнопкасын басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі дисплей экранына шығарылады;

"сақтау" кнопкасын басқаннан кейін – тұтынушы сұратқан Adobe Acrobat нысандағы магнитті жеткізгіште сақталады.

9. Электрондық мемлекеттік қызмет жөніндегі қажетті ақпаратты тегін қоңырау шалатын 8-8000-80-77 немесе 1414 нөмірі бойынша "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Call Centre қолдау қызметінен, сондай-ақ, Әділет министрлігінің құқықтық-ақпараттық қызметінің 58-00-58 телефоны арқылы алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

10. ҚФБ тізбесі:
"ХҚКО" операторы;
Портал;
"ҰКО" АЖ;
ЭҮШ;
Уәкілетті органның маманы;
АХАЖ АЖ.

11. Іс-қимылдардың (рәсімдер, функциялар, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.

12. ҚФБ сипаттамасына сәйкес олардың (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма осы Регламентке 4-қосымшада келтірілген.

13. Осы Регламентке 5-қосымшада электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері берілуі тиіс нысандар, бланкі шаблондары келтірілген.

14. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (ақпаратты заңсыз түрде алудан қорғау);
2) тұтастық (ақпаратты заңсыз өзгертуден қорғау);
3) қол жетімділік (ақпаратты және ресурстарды заңсыз ұстаудан қорғау).

16. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
1) Интернетке шығу;
2) ЖСН/БСН болуы;
3) "ЭҮП" авторизациялау;
4) тұтынушыда ЭЦҚ-ның болуы.

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## Электрондық қызметтерді көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




Шартты белгілер:

| | |
|---|---|
|  | Бастапқы хабарлама |
|  | Аяқтаушы хабарлама |
|  | Аралық хабарлама |
|  | Аяқтаушы қарапайым оқиға |
|  | Қате |
|  | Оқиғалар-таймерлер |
|   | Ақпараттық жүйе |
|   | Үдеріс |
|   | Шарт |
|  | Хабарламалар ағыны |
|  | Басқару ағыны |
|  | Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат |

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметке экрандық нысандар

### 1-қадам. Пайдаланушыны авторизациялау.




### 2-қадам. Электрондық қызметті таңдау.




### 3-қадам. Анықтаманы таңдау.




3-1 қадам. Сұрау салуды толтыру - жеке тұлғаның ЖСН-ін енгізу.




3-2 қадам. Сұрау салуға қол қою.




## 3-3 қадам. Сұрау салуды өңдеу




"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі үдерістің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны) | | | | | |
| 1 | Іс-әрекет № (жұмыс барысы,ағыны ) | 1 | 2 | 3 | n |
| 2 | ҚФБ атауы | ЭҮП | Уәкілетті орган | ҚФБ 2 | ҚФБ n |
| 3 | Іс-әрекеттер атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның және олардың сипаттамасы | Сұрау салуды өңдеу | Сұрау салуды өңдеу | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Хабарлама беру | Хабарлама беру | 3 Нысан | |
| 5 | Орындау мерзімі | 15 минут | 15 минут | | |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 2 | 3 | 4 | |

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша




BPMN 1-процесс – Сұрау салуды толтыру
Өтініш иесі қажетті қызметті таңдайды. Қажетті бағандарды толтырады және сұранысты жолдайды, қажет болған жағдайда өз ЭЦҚ-мен қол қояды және мемлекеттік бажды төлейді, сондай-ақ, сұранысты кері қайтаруға мүмкіндік бар. Дайын болғаны жөнінде хабарлама береді, АХАЖ бөліміне жүгінеді және куәлікті алады.
Өтініш иесі


BPMN 2-процесс - Сұранысқа қол қою
электрондық-қолтаңбаны қою
Қолтаңбасы дұрыс емес
Қолтаңбасы дұрыс
Қателік туралы хабарлама
Сұранысқа қол қойылған


BPMN 3-процесс - АХАЖ АЖ жазбаны іздеу
АХАЖ АЖ жазбаны іздеу
Жазба табылған жоқ
Жазба табылды
Қателік кодымен берілген хабарлама
Аталған қызметке мемлекеттік бажды төлеу қажеттілігі







"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 5-қосымша

## 1. Сұрау салуды өңдеуге қабылдағаны туралы хабарлама

| | | |
|---|---|---|
| Құжат Электрондық қызмет порталымен қалыптасқан<br>Документ сформирован Порталом электронных услуг | Бірегей нөмір<br>Уникальный номер | 20090505384920 |

| |
|---|
| Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті |
| ХАБАРЛАМА<br>Талап етілген орынға берілді |
| **(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы) туу туралы куәлікті қайта беруге 25.08.2009 ж. "электрондық үкімет" Порталы арқылы арыз жолдағандығы туралы және біз Сіздің № 00154 сауалыңызды өңдеуге қабыл алғандығымыз туралы.**<br>**"Туу туралы қайталанған куәлікті беру" қызметі ____________________________________________________________ (аумақтық әділет органдардың атауы) УВЕДОМЛЕНИЕ Дана по месту требования О том** |

| | |
|---|---|
| что ______________________________ (ф.и.о., год рождения) отправил заявку через Портал "электронного правительства" 25.08.2009 г. на повторное выдачу свидетельства о рождении и в том, что мы приняли Ваш запрос под № 00154 на обработку. Услуга "Выдача повторное свидетельство о рождении" будет оказана в бумажном виде | |
| (наименование территориального органа юстиции) | |

*штрих-код "АХАЖ" АЖ алынған және Депаратаменттің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды

штрих-код содержит данные, полученные из ИС "ЗАГС" и подписанные электронно-цифровой подписью соответствующего Департамента

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 6-қосымша

"Сапалылық" және "қол жетімділік" электрондық қызмет көрсетулер көрсеткіштерін айқындау үшін сауалнамалар нысандары

## "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, әке болуды анықтау туралы, ұл/қыз асырап алу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы қайталама куәлікке өтініш беру" (қызмет атауы)

1. Электрондық қызмет көрсету үдерісінің және нәтижесінің сапасымен қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) жартылай қанағаттанарлық;

3) қанағаттанамын.

2. Электрондық қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

1) қанағаттанбаймын;

2) жартылай қанағаттанамын;

3) қанағаттанарлық.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің

2011 жылғы 27 маусымдағы № 236 бұйрығына
2-қосымша

## "Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Жалпы ережелер

1. "Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызметті ( бұдан әрі - электрондық мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің " Азаматтық хал актілері жазбасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) " электрондық үкімет" порталы арқылы көрсетеді.

2. Электрондық ақпараттық қызмет "Мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2121 қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің автоматтандыру дәрежесі: жартылай автоматтандырылған (өтініш беру үдерісі автоматтандырылған).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) "Азаматтық хал актілерінің жазбасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) – азаматтық хал актілерін тіркеу үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (бұдан әрі – АҚҚҚ) – оның мағынасын жасыру не/немесе түпнұсқаландыруды қамтамасыз ету ( түпнұсқаландыру деп ақпараттың түпнұсқа екенін анықтау түсініледі және алынған ақпарат бұрмаланбай берілді дегенді білдіреді) мақсатында ақпаратты қайта құрудың алгоритмдері мен әдістері;

3) жеке сәйкестендіру нөмір (бұдан әрі - ЖСН) – жеке тұлға, соның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4) құрылымдық функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі;

5) тұтынушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;

6) транзакциялық қызмет – пайдаланушыларға электрондық цифрлық

қолтаңбаны пайдалана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

7) уәкілетті орган – аумақтық әділет органы;

8) Ұлттық куәландырушы орталық ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҰКО АЖ) – қызметті тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігінің деректерін сәйкестендіру үшін пайдаланатын жүйе;

9) "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

10) "электронды үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) – барлық электрондық қызметтер мен "электрондық үкіметтің" электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай орнын ұсынады;

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

12) электрондық құжат – ақпарат электронды цифрлы нысанда берілген және электрондық цифрлық құжат арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электронды нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер.

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Қызмет берушінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі адымдық әрекеттері мен шешімдері (функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы) осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

1) тұтынушы ЖСН көмегімен "ЭҮП" АЖ-ға тіркеуі жүзеге асырады ("ЭҮП" АЖ-да тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – тұтынушы туралы деректердің "ЭҮП" АЖ (пароль ЭҮП-де, ЖСН - "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында тексеріледі), түпнұсқалылығын тексеру үдерісі, "ЭҮП" АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу;

3) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере

отырып, тұтынушының нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу);

5) 4-үдеріс – сәйкестендіру деректерін және "ҰКО" АЖ-да тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі туралы деректерге сұрау салу;

6) 1-шарт – тұтынушының АКҚҚ-сын пайдаланумен тіркеу куәлігінің мерзімін және тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығын тексеру;

7) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – электрондық мемлекеттік нысанды көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) тұтынушының ЭЦҚ арқылы қол қою және тұтынушының одан әрі әрекеттері туралы ақпаратты алу;

9) 7-үдеріс – АХАЖ АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу;

10) 2-шарт – АХАЖ АЖ-нен түскен деректерді тексеру;

11) 8-үдеріс – "ЭҮП" АЖ тұтынушыға 24 сағат ішінде бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекетті баж төлеуді ұсынады;

Көрсетілген мерзімде төлемеген кезде тұтынушыға сұрау салу мерзімінің өтіп кеткені туралы, сондай-ақ қайтадан сұрау салу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді.

Тұтынушы банкке жіберу үшін төлемнің қажетті деректерін толтырады. "ЭҮП" АЖ төлем өткен соң тұтынушыға чек беріледі, ол төлемді жүзеге асырғанын растайды.

Егер төлем өтпеген болса, онда "ЭҮП" АЖ ол туралы тұтынушыға қате жіберілгені туралы толық сипаттамасымен хабардар етеді;

12) 9-үдеріс – некеге тұруды тіркеуден бас тартуға байланысты фактілер анықталған жағдайда сұратылған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 10-үдеріс – қызмет көрсетудің нәтижесі уәкілетті органның некеге тұруды тіркеу уақытын, күнін және орнын көрсете отырып, хабарлама қалыптастыруы.

7. Осы Регламентке 2-қосымшада тұтынушыға мемлекеттік немесе орыс тілінде көрсетілетін электрондық мемлекеттік қызметке экрандық нысандар келтірілген:

сұрау салуды толтыру – ЖСН тұтынушының "ЭҮП" АЖ-ға тіркелу нәтижесі бойынша автоматты түрде таңдалады;

сұрау салуға қол қою – тұтынушы "қол қою" кнопкасының көмегімен ЭЦҚ сұрау салуға қол қоюды жүзеге асырып, одан кейін сұрау салу "АХАЖ АЖ" өңдеуге жіберіледі;

сұрау салуды өңдеу – сұрау салуды өңдегеннен кейін тұтынушы дисплейдің экранына: ЖСН, сұрау салудың нөмірі, қызмет түрі, сұрау салу мәртебесі,

қызмет көрсету мерзімі туралы ақпарат енгізіледі;
"мәртебені жаңарту" кнопкасының көмегімен тұтынушыға сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарау мүмкіндігі беріледі.
8. Сұрау салуды өңдегеннен кейін тұтынушыға мынадай амалдармен сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарауға мүмкіндік беріледі:
"ашу" кнопкасын басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі дисплей экранына шығарылады;
"сақтау" кнопкасын басқаннан кейін – тұтынушы сұратқан Adobe Acrobat нысандағы магнитті жеткізгіште сақталады.
9. Электрондық мемлекеттік қызмет жөніндегі қажетті ақпаратты тегін қоңырау шалатын 8-8000-80-77 немесе 1414 нөмірі бойынша "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Call Centre қолдау қызметінен, сондай-ақ, Әділет министрлігінің құқықтық-ақпараттық қызметінің 58-00-58 телефоны арқылы алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

10. ҚФБ тізбесі:
Портал;
"ҰКО" АЖ;
ЭҮШ;
Уәкілетті органның маманы;
АХАЖ АЖ.
11. Іс-қимылдардың (рәсімдер, функциялар, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.
12. ҚФБ сипаттамасына сәйкес олардың (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма осы Регламентке 4-қосымшада келтірілген.
13. Осы Регламентке 5-қосымшада электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері берілуі тиіс нысандар, бланкі шаблондары келтірілген.
14. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.
15. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (ақпаратты заңсыз түрде алудан қорғау);
2) тұтастық (ақпаратты заңсыз өзгертуден қорғау);
3) қол жетімділік (ақпаратты және ресурстарды заңсыз ұстаудан қорғау).

16. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
1) Интернетке шығу;
2) ЖСН/БСН болуы;
3) "ЭҮП" авторизациялау;
4) тұтынушыда ЭЦҚ-ның болуы.

"Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## Электрондық қызметтерді көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




## Шартты белгілер:

| | |
|---|---|
|  | Бастапқы хабарлама |
|  | Аяқтаушы хабарлама |
|  | Аралық хабарлама |
|  | Аяқтаушы қарапайым оқиға |
|  | Қате |
| | |

| | |
|---|---|
|  | Оқиғалар-таймерлер |
|   | Ақпараттық жүйе |
|   | Үдеріс |
|   | Шарт |
|  | Хабарламалар ағыны |
|  | Басқару ағыны |
|  | Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат |

"Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметке экрандық нысандар

### 1-қадам. Пайдаланушыны авторизациялау.




### 2-қадам. Электрондық қызметті таңдау.




3-қадам. Анықтаманы таңдау.




3-1 қадам. Сұрау салуды толтыру - жеке тұлғаның ЖСН-ін енгізу.




# 3-2 қадам. Сұрау салуға қол қою.




# 3-3 қадам. Сұрау салуды өңдеу




"Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі үдерістің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны) | | | | | |
| 1 | Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | n |
| 2 | ҚФБ атауы | ЭҮП | Уәкілетті орган | Уәкілетті орган | ҚФБ n |
| 3 | Іс-әрекеттер атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның және олардың сипаттамасы) | Өтінішті өңдеу | Өтініште көрсетілген деректерді тексеру | Өтініште көрсетілген деректерді тексеру | |
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Некені тіркеу туралы өтініштің түсуі | Некеге тұруға өтініштің түскені туралы хабарлама | Некеге тұруға өтініштің түскені туралы хабарлама | |
| 5 | Орындау мерзімі | 5 минут | 15 минут | 15 минут | |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 2 | 3 | 4 | |

"Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 4 қосымша




BPMN 1-процесс – Сұрау салуды толтыру
Өтініш иесі
Өтініш иесі қажетті қызметті таңдайды. Қажетті бағандарды толтырады және сұранысты жолдайды, қажет болған жағдайда өз ЭЦҚ-мен қол қояды және мемлекеттік бажды төлейді, сондай-ақ, сұранысты кері қайтаруға мүмкіндік бар. Дайын болғаны жөнінде хабарлама береді, АХАЖ бөліміне жүгінеді және куәлікті алады.













"Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 5-қосымша



serviceresult (1).pdf - Foxit Reader - [serviceresult (1).pdf]

File Edit View Comments Forms Tools Help

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100000018635

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения 23.12.2010

Данная справка предоставляется в тестовом режиме

**Уведомление**
**о регистрации заключения брака**

**№** 10100000018635 **Дата** 23.12.2010

Уважаемые АЛЕКСЕЙ КОЧКИН и ЭЛЬМИРА БАЛТАБАЕВА!
Ваше заявление принято, регистрация брака 22 января 2011 в 15:50. Место регистрации отдел ЗАГС Турксибского района города Алматы по адресу Г. АЛМАТЫ, ТУРКСИБСКИЙ РАЙОН, УЛ. ДРУЖБЫ 25, ТЕЛ. 55-76-09

При обращении в ОТДЕЛ ЗАГС за получением свидетельства о заключении брака при себе иметь - данное уведомление, чек оплаты, документы, удостоверяющие личность Заявителей, книгу регистрации граждан по месту регистрации заключения брака

"Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 6 қосымша

"Сапалылық" және "қол жетімділік" электрондық қызмет көрсетулер көрсеткіштерін айқындау үшін сауалнамалар нысандары

## "Некеге тұруды тіркеуге өтініш беру"
## (қызмет көрсету атауы)

1. Электрондық қызмет көрсету үдерісінің және нәтижесінің сапасымен қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) жартылай қанағаттанарлық;
3) қанағаттанамын.

2. Электрондық қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
1) қанағаттанбаймын;
2) жартылай қанағаттанамын;
3) қанағаттанарлық.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің

2011 жылғы 27 маусымдағы
№ 236 бұйрығына
3-қосымша

## "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. "Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызметтер) мекенжайлары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2121 қаулысымен бекітілген "Азаматтық хал актілерін тіркеу" мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1 қосымшасында көрсетілген Халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) "Азаматтық хал актілері жазбасы" ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, "электрондық үкімет" порталы арқылы көрсетеді.

Электрондық мемлекеттік қызметті алуды тұтынушы "Электронды үкімет" порталында www.e.gov.kz "Электрондық қызметтер" деген бетте дербес жүзеге асырады.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Стандарттың негізінде жүзеге асырылады.

3. Электрондық мемлекеттік қызметтің автоматтандыру дәрежесі: автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқарған сөздер:

1) "Азаматтық хал актілерінің жазбасы" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) – азаматтық хал актілерін тіркеу үшін ақпараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;

2) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (бұдан әрі – АКҚҚ) – оның мағынасын жасыру не/немесе түпнұсқаландыруды қамтамасыз ету (түпнұсқаландыру деп ақпараттың түпнұсқа екенін анықтау түсініледі және алынған ақпарат бұрмаланбай берілді дегенді білдіреді) мақсатында ақпаратты қайта құрудың алгоритмдері мен әдістері;

3) жеке сәйкестендіру нөмір (бұдан әрі - ЖСН) – жеке тұлға, соның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4) құрылымдық функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – электрондық

мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізбесі;
5) тұтынушы – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға;
6) транзакциялық қызмет – пайдаланушыларға электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, өзара ақпарат алмасуды талап ететін электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;
7) Ұлттық куәландырушы орталық ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҰКО АЖ) – қызметті тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігінің деректерін сәйкестендіру үшін пайдаланатын жүйе;
8) "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;
9) "электронды үкімет" шлюзі (бұдан әрі - ЭҮШ) – барлық электрондық қызметтер мен "электрондық үкіметтің" электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай орнын ұсынады;
10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;
11) электрондық құжат – ақпарат электронды цифрлы нысанда берілген және электрондық цифрлық құжат арқылы куәландырылған құжат;
12) электрондық мемлекеттік қызмет – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, электронды нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;
13) электрондық анықтама – азаматтық хал актілерін тіркеу туралы электрондық түрдегі анықтама (бұдан әрі - е-анықтама).

## 2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Қызмет берушінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі адымдық әрекеттері мен шешімдері (функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммасы) осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.
1) тұтынушы ЖСН көмегімен "ЭҮП" АЖ-ға тіркеуі жүзеге асырады ("ЭҮП" АЖ-да тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);
2) 1-үдеріс – тұтынушы туралы деректердің "ЭҮП" АЖ (пароль ЭҮП-де, ЖСН - "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер қорында тексеріледі), "ЭҮП" АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу;

3) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

4) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, тұтынушының нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу);

5) 4-үдеріс – сәйкестендіру деректерін және "ҰКО" АЖ-да тұтынушының ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі туралы деректерге сұрау салу;

6) 1-шарт – тұтынушының АКҚҚ-сын пайдаланумен тіркеу куәлігінің мерзімін және тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығын тексеру;

7) 5-үдеріс – тұтынушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 6-үдеріс – электрондық мемлекеттік нысанды көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді) тұтынушының ЭЦҚ арқылы қол қою және тұтынушының одан әрі әрекеттері туралы ақпаратты алу;

9) 7-үдеріс – АХАЖ АЖ-нен электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу;

Туу туралы анықтамаға сұрау салу жағдайында тұтынушы туған күні және жері туралы мәліметті және ата-анасы туралы мәліметті көрсетеді.

Некеге тұру туралы анықтамаға сұрау салу жағдайында тұтынушы жұбайы (зайыбы) туралы, некеге тұрған жері мен күні туралы мәліметтерді көрсетеді.

Некені бұзғаны туралы анықтамаға сұрау салу жағдайында тұтынушы жұбайы (зайыбы) туралы, некеге тұрған жері мен күні туралы мәліметтерді көрсетеді.

Тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтамаға сұрау салу жағдайында тұтынушы ауыстырғанға дейінгі тегін көрсетеді;

10) 2-шарт – АХАЖ АЖ-нен түскен деректерді тексеру;

11) 8-үдеріс – "ЭҮП" АЖ тұтынушыға 24 сағат ішінде 30% айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекетті баж төлеуді ұсынады;

Көрсетілген мерзімде төлемеген кезде тұтынушыға сұрау салу мерзімінің өтіп кеткені туралы, сондай-ақ қайтадан сұрау салу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді.

Тұтынушы банкке жіберу үшін төлемнің қажетті деректерін толтырады. "ЭҮП" АЖ төлем өткен соң тұтынушыға чек беріледі, ол төлемді жүзеге асырғанын растайды.

Егер төлем өтпеген болса, онда "ЭҮП" АЖ ол туралы тұтынушыға қате жіберілгені туралы толық сипаттамасымен хабардар етеді;

12) 9-үдеріс – сұратылған деректердің "ЭҮП" АЖ-де болмауына байланысты,

сұратылып отырған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

13) 10 үдеріс – қызмет көрсетудің нәтижесі "ЭҮП" АЖ-де тұтынушы сұратып отырған азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мұрағаттық анықтаманы қалыптастыру болып табылады. Электрондық құжат мемлекеттік органның АКҚҚ және "ҰКО" АЖ пайдалана отырып, қалыптастырылады;

14) тіркеуші органның ЭЦҚ куәландырылған е-анықтаманы пайдаланушы басып шығарады.

7. Осы Регламентке 2-қосымшада тұтынушыға мемлекеттік немесе орыс тілінде көрсетілетін электрондық мемлекеттік қызметке экрандық нысандар келтірілген:

сұрау салуды толтыру – ЖСН тұтынушының "ЭҮП" АЖ-ға тіркелу нәтижесі бойынша автоматты түрде таңдалады;

сұрау салуға қол қою – тұтынушы "қол қою" кнопкасының көмегімен ЭЦҚ сұрау салуға қол қоюды жүзеге асырып, одан кейін сұрау салу "АХАЖ АЖ" өңдеуге жіберіледі;

сұрау салуды өңдеу – сұрау салуды өңдегеннен кейін тұтынушы дисплейдің экранына: ЖСН, сұрау салудың нөмірі, қызмет түрі, сұрау салу мәртебесі, қызмет көрсету мерзімі туралы ақпарат енгізіледі;

"мәртебені жаңарту" кнопкасының көмегімен тұтынушыға сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарау мүмкіндігі беріледі.

8. Сұрау салуды өңдегеннен кейін тұтынушыға мынадай амалдармен сұрау салуды өңдеу нәтижесін қарауға мүмкіндік беріледі:

"ашу" кнопкасын басқаннан кейін – сұрау салу нәтижесі дисплей экранына шығарылады;

"сақтау" кнопкасын басқаннан кейін – тұтынушы сұратқан Adobe Acrobat нысандағы магнитті жеткізгіште сақталады.

9. Электрондық мемлекеттік қызмет жөніндегі қажетті ақпаратты тегін қоңырау шалатын 8-8000-80-77 немесе 1414 нөмірі бойынша "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Call Centre қолдау қызметінен, сондай-ақ, Әділет министрлігінің құқықтық-ақпараттық қызметінің 58-00-58 телефоны арқылы алуға болады.

## 3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

10. ҚФБ тізбесі:

"ХҚКО" операторы;

Портал;

"ҰКО" АЖ;
ЭҮШ;
АХАЖ АЖ.

11. Іс-қимылдардың (рәсімдер, функциялар, операциялар) дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы әрбір іс-қимылдың орындалу мерзімін көрсете отырып, осы Регламентке 3-қосымшада келтірілген.

12. ҚФБ сипаттамасына сәйкес олардың (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма осы Регламентке 4-қосымшада келтірілген.

13. Осы Регламентке 5-қосымшада электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері берілуі тиіс нысандар, бланкі шаблондары келтірілген.

14. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес сапа мен қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Ақпараттық қауіпсіздікке қойылатын талаптар:
1) құпиялылық (ақпаратты заңсыз түрде алудан қорғау);
2) тұтастық (ақпаратты заңсыз өзгертуден қорғау);
3) қол жетімділік (ақпаратты және ресурстарды заңсыз ұстаудан қорғау).

16. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
1) Интернетке шығу;
2) е-анықтама берілетін тұлғаның ЖСН/БСН болуы;
3) "ЭҮП" авторизациялау;
4) тұтынушыда ЭЦҚ-ның болуы.

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін,атын,әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру"электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

## Электрондық қызметтерді көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы




Шартты белгілер:

| | |
|---|---|
|  | Бастапқы хабарлама |
|  | Аяқтаушы хабарлама |
|  | Аралық хабарлама |
|  | Аяқтаушы қарапайым оқиға |
|  | Қате |
|  | Оқиғалар-таймерлер |
|   | Ақпараттық жүйе |
|   | Үдеріс |
|   | Шарт |
|  | Хабарламалар ағыны |
|  | Басқару ағыны |
|  | Соңғы тұтынушыға ұсынылатын электрондық құжат |

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама

беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Электрондық мемлекеттік қызметке экрандық нысандар

### 1-қадам. Пайдаланушыны авторизациялау.




### 2-қадам. Электрондық қызметті таңдау.




### 3-қадам. Анықтаманы таңдау.



3-1 қадам. Сұрау салуды толтыру - жеке тұлғаның ЖСН-ін енгізу.



3-2 қадам. Сұрау салуға қол қою.




## 3-3 қадам. Сұрау салуды өңдеу




"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

| Негізгі үдерістің іс-әрекеті (жұмыс барысы, ағыны) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны) | 1 | 2 | 3 | n |
| 2 | ҚФБ атауы | ЭҮП | АХАЖ АЖ | АХАЖ АЖ | ҚФБ n |
| 3 | Іс-әрекеттер атауы үдерістің, рәсімнің, операцияның және олардың сипаттамасы | Сұрау салуды өңдеу | Орнықтыратын деректерді тексеру | Орнықтыратын деректерді тексеру | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік шешім) | Анықтама қалыптастыру | Анықтама ресімдеу | Анықтама ресімдеу | |
| 5 | Орындау мерзімі | 15 минут | 15 минут | 15 минут | |
| 6 | Келесі іс-қимылдың нөмірі | 2 | 3 | 4 | |

"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
4-қосымша




BPMN 1-процесс – Сұрау салуды толтыру
Өтініш иесі қажетті қызметті таңдайды. Қажетті бағандарды толтырады және сұранысты жолдайды, қажет болған жағдайда өз ЭЦҚ-мен қол қояды және мемлекеттік бажды төлейді, сондай-ақ, сұранысты кері қайтаруға мүмкіндік бар. Дайын болғаны женінде хабарлама береді, АХАЖ бөліміне жүгінеді және куәлікті алады.
Өтініш иесі


BPMN 2-процесс - Сұранысқа қол қою
электрондық-қолтаңбаны қою
Қолтаңбасы дұрыс емес
Қолтаңбасы дұрыс
Қателік туралы хабарлама
Сұранысқа қол қойылған


BPMN 3-процесс - АХАЖ АЖ жазбаны іздеу
АХАЖ АЖ жазбаны іздеу
Жазба табылған жоқ
Жазба табылды
Қателік кодымен берілген хабарлама
Аталған қызметке мемлекеттік бажды төлеу қажеттілігі







"Туу туралы, некеге тұру туралы, некені бұзу туралы, тегін, атын, әкесінің атын ауыстыру туралы анықтама беру" электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
5-қосымша

**1. Туу туралы анықтама**

Құжат Электрондық қызмет порталымен қалыптасқан
Документ сформирован Порталом электронных услуг

Бірегей нөмір
Уникальный номер
20090505384920

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті АНЫҚТАМА

Шығыс-Қазақстан облысының Абай аудандық Әділет басқармасының АХАЖ бөлімі азамат АЛМАС СМИРНОВ 24.08.2009 жылы туу туралы тіркеуді растайды. Бұл жөнінде туу туралы актілерді тіркеу кітабында 25.08.2009 күні № 10-101-09-0000007 жазуы жазылғаны туралы осы анықтама талап етілген орынға беріледі.

Ата–анасы туралы мәліметтер:

Әкесі: СМИРНОВ ВИТАЛИ__________

(тегі, аты, әкесінің аты)

Шешесі: БЕЙСЕБАЕВА НУРГУЛЬ ОМИРТАЕВНА

(тегі, аты, әкесінің аты)

Туған жері: АРШАЛЫ, АҚМОЛА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

(қала, ауданы, облысы)

## СПРАВКА

Дана по месту требования

Отдел ЗАГС Управления юстиции Абайского района Восточно-Казахстанской области подтверждает факт регистрации рождении в отношении гр. АЛМАС СМИРНОВ, 24.08.2009 г. рождения, о чем в книге регистрации акта о рождении от 25.08.2009 за № 10-101-09-0000007 произведена запись.

Сведения о родителях:

Отец: СМИРНОВ ВИТАЛИ

(Ф.И.О)

Мать: БЕЙСЕБАЕВА НУРГУЛЬ ОМИРТАЕВНА

(Ф.И.О)

Место рождения: АРШАЛЫНСКИЙ, АКМОЛИНСКАЯ,РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

(город, район, область)

*штрих-код "АХАЖ" ақпараттық жүйесі алынған және Департаменттің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді ұстайды

штрих-код содержит данные, полученные из ИС "ЗАГС" и подписанные электронно-цифровой подписью соответствующего Департамента

**2. Тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны туралы анықтама**

Құжат Электрондық қызмет порталымен қалыптасқан
